

Чинасилова А.М.

**Қарттардың  
белсенділігін арттырудағы  
әлеуметтік қамсыздандыру  
қызметтері**

Қазіргі кездегі қазақстандық қоғамда халықтың абсолютті санының құрылымы ұлғаюы және қарт адамдар мен кәрілік жас үлесінің көбеюі экономикалық, әлеуметтік және моральдық этикалық мінез-құлықтың бірқатар салдарына алып келіп отыр. Бұл мақалада қазақстандық қоғамның демографиялық жағдайына талдау жасалып, халық құрылымындағы егде адам санының өсу тенденциясы, яғни «халықтың қартаюы» мәселесі қарастырылған. Егде жастағы адамдардағы әлеуметтік белсенділіктің көрініс формалары және сипаттамалары берілген. Егде адамдардың әлеуметтік белсенділігін арттыруға әсер ететін сыртқы факторлар және ішкі факторларына талдау жасалған. Осы факторларды бір-бірімен өзара байланыстыра қарау әрекеті жасалынды. Зейнетке шыққаннан кейінгі алғашқы он жылдықта зейнеткерлердің жұмысбастылығы жоғары дәрежеде сақталып қалуы сипатталды. Сондай-ақ егде жастағы белсенділік салалары, яғни кәсіби қызметін жалғастыру белсенділігі, қоғамдық өмірге қатысу, отбасылық, тұрмыстық саладағы белсенділік, білім алу, өзін жетілдіруді жалғастыру, әлеуметтік байланыстарды ұстап тұру, бос уақытты демалысқа, саяхатқа жұмсау, салауатты өмір салтын ұстау, қоғамдық өмірге араласу мәселелері қаралды. Егде жастағы адамдардың әлеуметтік қолдауы мен қорғалуы, құқықтық заңнамамен берілетін құқықтары, әлеуметтік-экономикалық жағдайы, зейнетақының орташа көлемі мен зейнетақының ең төменгі мөлшері, әрі аға ұрпақтың әлеуметтік мәртебесін және әлеуметтік белсенділікті жоғарылатуға мүмкіндік беретін әдістері мен технологиялары жан-жақты қарастырылды. Егде адамдардың әлеуметтік белсенділігін арттыруда әр адамды жеке-жеке, олардың мұқтаждықтарын, қажеттіліктерін, биологиялық және әлеуметтік мүмкіндіктерін, белгілі бір аймаққа байланысты, не өзге де өмір сүру қызметіндегі ерекшеліктерін, сонымен бірге олардың әлеуметтік мәртебелерінің өзгешеліктерін толықтай ескеру қажет екендігі түсіндірілді.

**Түйін сөздер:** әлеуметтік белсенділік, егде жастағы адамдар, зейнеткерлік жас, егде жастағы өмірлік белсенділік, әлеуметтік құзіреттілік, халықтың қартаюы.

Chinassilova A.

**Social Service in improving the  
activity of of elderly people**

The growth absolute numbers of the population and increasing proportion of older people in the modern Kazakh society raises a number of economic, social and ethical consequences. This article presents the forms of social activity, and given their characteristics. It is analyzed the internal and external factors of social activity of elderly people which will enhance their vitality. It attempts to consider these factors have been made in relation to each other. Also, this article considered the scope of activity in the elderly, such as the continuation of an active professional activity, participation in public life, active in family and domestic sphere, continuing education and self-development, maintaining social contacts, leisure time dedication active recreation and travel, maintaining good physical shape, leading a healthy lifestyle. It was characterized by the socio-economic situation of older people, the average pension and the minimum pension.

The relevance of this article was caused by the fact that the reduction of social activity becomes the main risk for the elderly in today's society. His reasons are the gap between the established boundary of the retirement age and the onset of old age, the complexity for older people to adapt to the rapid changes in society. The problem of social activity of the elderly is becoming particularly relevant in terms of population aging and requires changes in the level of the state and society. In its turn considered forms of social care services, increase vitality, which makes it possible to increase the social activity elderly people and allows them to move more freely and to live independently.

**Key words:** social activity, older people, retirement age, life activity in the elderly, social competence, an aging population.

Чинасилова А.М.

**Услуги социального  
обслуживания в повышении  
активности пожилых людей**

В данной статье представлены формы проявления социальной активности и даны их характеристики. Проанализированы внешние и внутренние факторы социальной активности пожилых людей, которые будут способствовать повышению их жизненной активности. Была сделана попытка рассмотреть данные факторы во взаимосвязи друг с другом. А также, рассмотрены сферы активности в пожилом возрасте, такие как продолжение активной профессиональной деятельности, участие в общественной жизни, активность в семейной и домашней сфере, продолжение образования и саморазвития, поддержание социальных контактов, посвящение свободного времени активному отдыху и путешествиям, поддержание хорошей физической формы, ведение здорового образа жизни.

Актуальность данной статьи вызвана тем, что понижение социальной активности становится главным риском пожилых людей в современном обществе. Его причинами выступают разрыв между установленной границей пенсионного возраста и наступлением старости, сложностью для людей старшего возраста адаптироваться к быстрым переменам в обществе.

**Ключевые слова:** социальная активность, пожилые люди, пенсионный возраст, жизненная активность в пожилом возрасте, социальная компетентность, старение населения.

**ҚАРТТАРДЫҢ  
БЕЛСЕНДІЛІГІН  
АРТТЫРУДАҒЫ  
ӘЛЕУМЕТТІК  
ҚАМСЫЗДАНДЫРУ  
ҚЫЗМЕТТЕРІ****Кіріспе**

Қазіргі кезде Қазақстандағы демографиялық жағдайға сәйкес егде адамдардың әлеуметтік белсенділігі өзекті болып отыр. Статистикалық деректер бойынша қазақстандық қоғамның демографиялық жағдайына талдау жасай отыра, халықтың қартаюының өсуіне байланысты мәселенің күрделілігі әрі көп қырлылығын анықтауға болады. Халық құрылымында егде адам санының өсу тенденциясы «демографиялық қартаю» не болмаса «халықтың қартаюы» деген атауға ие болды. Қартаюды бағалаудың критерийі ретінде – зейнеткерлік жасы нақты анықталған. Қазақстанда және басқа көптеген елдерде бұл 60 жас, дамыған Батыс елдерінде және халықаралық тәжірибеде – 65 жас. БҰҰ зерттемесінде қартаю жасы 65 жастан басталады, аға ұрпақтың үлесіне байланысты халықтың жалпы құрылымында демографиялық қартаюдың үш фазасын бөліп көрсетеді. «Жас» деп 65 және одан жоғары жастағылар халықтың 4% құраса, «егде» – 4-тен 7%-ға дейін, 7%-дан жоғары – «қарт». Е.И. Холостованың пікірінше, халықтың жалпы құрылымында қарттардың үлесі 10%-дан асқанда демографиялық «терең қартаюдың» табалдырығы деп танылуы керек [1].

«Қоғамдағы, отбасындағы ата-аналар және балалар, ерлер және әйелдер» екінші толқын әлеуметтік-демографиялық зерттеу мәліметтері бойынша, зейнеткерлік жасқа жеткеннен кейінгі бір жылда жұмысбасты зейнеткерлер 60%-ды құрайды. Шамамен, ерлердің жартысы, әйелдердің үштен төрті. Зейнетке шыққаннан кейінгі алғашқы 10 жылда зейнеткерлердің жұмысбастылығы жоғары дәрежеде сақталады. Д.М. Рогозиннің (2012 г.) зерттеуі бойынша, 70 жастан бастап жұмыс жасайтын зейнеткерлердің үлесі төмендейді (14%-ға дейін) [2].

Еңбек қызметінің тоқтауы, одан кейінгі әлеуметтік мәртебенің, табыс деңгейінің, әлеуметтік байланыс санының өзгеруі егде адамдардың әлеуметтік белсенділігінің төмендеуіне әсер етеді. Сондықтан, қарт адамның еңбекке деген жарамдылығын ұлғайту мақсатында, олардың әлеуметтік белсенділігін арттыру қажет. Егде адамдардың әлеуметтік белсенділігін арттыруда әр адамды жеке-жеке, олардың мұқтаждықтарын, қажеттіліктерін, биологиялық және әлеуметтік мүмкіндіктерін,

белгілі бір аймаққа байланысты, не өзге де өмір сүру қызметіндегі ерекшеліктерін, сонымен бірге олардың әлеуметтік мәртебелерінің өзгешеліктерін толықтай ескеру қажет.

### Негізгі бөлім

Әлеуметтік белсенділік арқылы субъектінің әлеуметтік потенциалының деңгейі, мәдениеті, білімі мен дағдысы, өз әрекеті арқылы қоршаған әлемді қамту, өзгерте алу қабілеттілігі көрсетіледі. Белсенділік субъектісі ретінде тұлға, ұжым, әлеуметтік топ, тап, қоғам бола алады [3]. Белсенділік түрлі салаларда көрінеді: еңбектік,

қоғамдық-саяси, білім саласында, бос уақыт және тұрмыстық салада.

Әлеуметтік белсенділік тұлғаның мақсатқа жету жолындағы көрсеткіш. Яғни, тұлғаның әлеуметтік мәнінің көрсеткіші. Әлеуметтік белсенділік тұлғаның белгілі бір шарттарға бейімделіп қою ғана емес, бастысы, ол түрлендіруге, ұйымдастыруға мақсатты бағытталған. Яғни, ішкі ниеттен, қызығушылықтан, мотивтен туындаған әрекеттер. Белсенді адам өзін әрекетінің субъектісі ретінде сезінеді, оның белсенділігі өзін жетілдіруінің, потенциалының көрінісі. Келесі кестеде әлеуметтік белсенділіктің көрініс формалары және олардың қысқаша сипаттамалары берілген.

1-кесте – Әлеуметтік белсенділіктің көрініс формалары және сипаттамасы

№	Әлеуметтік белсенділіктің көрініс формалары	Сипаттамасы
1	Қоғамдық белсенділік	Әлеуметтік қатынасты күшейтуге немесе өзгертуге бағытталған
2	Еңбектік белсенділік	Өмірдің материалдық шарттарын жасауға бағытталған
3	Басқарушы белсенділік	Басқару субъектісіне қоғамдық құрылымның қызметіне және дамуына жедел өзгерістер енгізуге мүмкіндік береді
4	Бос уақыт белсенділігі	Тұлғаның өзін дамытуын, еңбекке қабілеттілігін арттыруды қамтамасыз етеді

Қазақстан халқының қартаю процесі күрделі әлеуметтік-экономикалық жағдайда жүріп жатыр. Нарық қатынасына ауысу көптеген егде адамдардың әлеуметтік жағдайының нашарлауына алып келді. Төмен әлеуметтік-экономикалық мәртебе қарттардың өмірлік потенциалын шектейді.

Зейнетақының орташа көлемімен бірге, ең төменгі мөлшері де жыл сайын артуда. Зейнетақының ең төменгі мөлшері 2003 жылы – 5500 теңге, бұл көрсеткіш 2015 жылы – 23 692 теңге болды. Осы аралықта зейнетақының ең төменгі мөлшері 3,7 есеге артқанын келесі суреттен көруге болады [4]:



1-сурет – 2003-2015 жылдардағы зейнетақының ең төменгі мөлшері, теңге

Зейнетақылық төлемдер мен мемлекеттік әлеуметтік өтемақыларды көтеру, сондай-ақ базалық зейнетақы төлемін кезең-кезеңімен көтеру саясаты жалғаса беретін болады. Яғни, Қазақстан үшін өз азаматтарының қарттығын жеткілікті қамтамасыз ету басты міндеттерінің бірі.

Халықтың қартаюы мемлекет тарапынан оңтайлы саясатты жүзеге асыруды талап етеді. Ұзақ өмір сүруді адамзат өркениетінің, медицинаның жетістігі, әлеуметтік прогрестің нәтижесі деп қарастыру үшін, егде адамдар қоғамға пайда алып келетін ерекше топ ретінде бөліп көрсету үшін қоғамдық пікірді қалыптастыру қажет.

Егде адамдардың әлеуметтік белсенділігі қоғамдық ортаның түрленуімен, тұлғаның әлеуметтік сапасының қалыптасуымен, мақсатты әрекетімен, әлеуметтік-экономикалық жағдайына, денсаулығына, әлеуметтік ортаға, адамдардың көңіл-күйіне тікелей байланысты. Егде жастағы белсенділік келесі салаларда көрініс алуы мүмкін:

- кәсіби қызметін жалғастыру белсенділігі;
- қоғамдық өмірге қатысу;
- отбасылық, тұрмыстық саладағы белсенділік;
- білім алуды, өзін жетілдіруді жалғастыру;
- әлеуметтік байланыстарды ұстап тұру;
- бос уақытты демалысқа, саяхатқа жұмсау;
- салауатты өмір салтын ұстау [5].

Басым бөлігі үшін белсенділікті сақтап қалудың жолы – қоғамдық өмірге араласу. Британдық зерттеу бойынша, келесі себептерге байланысты егде адамдар қоғамдық ұйымдардың мүшелері болады:

- қоршаған ортадағы әділетсіздік сезімі;
- қарым-қатынасқа түсу, жаңа достар табу мүмкіндігі;
- басқа адамдарға көмек көрсету мүмкіндігі;
- өзін «жас» адам ретінде сезінуге деген қажеттілік [6].

*Егде адамдардың әлеуметтік белсенділігін арттыруға, сақтауға әсер ететін ішкі маңызды факторлар:*

*Денсаулық жағдайын жақсарту.* Тұлғаның денсаулығын жақсартуға арналған бағытта өзінің де әрекеті маңызды. Қазіргі кезде еліміздегі медициналық қызмет деңгейі халық қажеттілігімен сәйкес келмейді. Негізгі мәселелерді бөліп көрсетуге болады: көптеген медициналық қызметтердің ақылы болуы, әсіресе, процедура және операция; маман кеңесін үй жағдайында ала алмау; маман жетіспеушілігі, егде адамдар қатынасында дұрыс көңіл бөлмеуі; дәрі қымбатшылығы, қажетті дәрінің дәріханаларда болмауы; амбулаторлы мекемелердің құрылымының мүгедектердің қажеттіліктеріне сәйкес келмеуі.

*Әлеуметтік байланысты сақтау* – екі жақтың да әрекет ету процесі. Егде адамның немесе оның айналасындағы адамдардың әрекеті тығыз қатынасты сақтап қалуға жеткіліксіз.

Бүгінгі қоғамда адамдар арасындағы байланыс қиындатылған немесе ең төменгі деңгейге жеткен. Егде адамдар немерелерімен қатынасы барысында екі жақтың жастық ерекшеліктеріне, егде адамдар кеңестік кезеңдегі ұғымдарды пайдаланса, жастар – бүгінгі таңдағы сленгтерді қолданады, осындай түсініспеушіліктерден жанжал орын алады. Рөлдер алмасып, балалар өз анасы мен әкесіне ата-ана болады. Бұл жағдайды екі жақ та қиын қабылдайды.

*Әлеуметтік белсенділікке мотивация және әлеуметтік құзіреттілікті қалыптастыру.* Егде жастағы әлеуметтік құзіреттілік: өзіне, жасына, біліміне, біліктілігіне құрметпен қарау, сонымен қатар, тез өзгеріп жатқан қоғамға, өмірлік жағдайларға бейімделу қабілеттілігі.

Егде адамның толыққанды әлеуметтік белсенділігін сақтап қалуда бірінші әлеуметтік құзіретті әрекет зейнетке шығуға даярлық болып табылады. Ол зейнеткерлік кезеңге деген қарым-қатынасты қайта қараудан басталады: қартаюды қалыпты құбылыс ретінде қабылдап, зейнеткерлікті – көптеген жылғы жұмыстан кейінгі еңбегі сіңген демалыс деп қабылдау. Келесі – материалдық жеткіліктілікті мүмкіндік болғанша төмендету және өз уақытын тиімді пайдалану, бос уақытты дұрыс өткізу, спортпен айналысу және т.б.

Әлеуметтік белсенділік пассивті әрекеттің алдын алады. Белсенді егде адамдарды шартты түрде екі топқа бөлуге болады:

- өзін дамытуда өз қажеттілігін қанағаттандыратын адамдар;
- белсенді өмір сүруі үшін сыртқы жасалынған жағдайды қажет ететін адамдар. Әдетте, қызығушылықтарына байланысты клуб, тегін экскурсия және т.б. Көбіне ақпараттың жеткіліксіздігінен аталған топтың қажеттіліктері әрдайым қанағаттандырыла бермейді.

Басқа тәсіл – егде жастағы әлеуметтік құзіреттілік, әлеуметтік және медициналық ұйымдарда ақпараттық қағаз түрінде, газеттерде, аудиовизуалды технологиялар көмегімен белсенді өмір сүруін жалғастыратыны туралы ақпарат беру.

Аудиовизуалды әдістерді пайдалану егде адамдардың өмірлік белсенділіктерін арттыруға мотивациясын қалыптастыруда келесідей артықшылықтарға ие: берілетін ақпараттың қысқалығы, көрнекілігі; нақты белсенді егде адамдарға мысалға келтіру, белсенді өмір мүмкіндіктерін

визуалды көру; эмоционалды кеңістікке әсер ету, топта талқылау мүмкіндігі. Сонымен қатар, егде адамның өз ойын айтып, басқалардың пікірін тыңдауға мүмкіндік береді. Зейнеткерлік өмірге дайындыққа кеңестер беріледі. Сондай-ақ, халықтық деңгейде қарттық, егде адамдар туралы негативті көзқарасты өзгертуде де қолданылуы мүмкін [7].

*Егде адамдардың әлеуметтік белсенділігіне әсер ететін сыртқы факторлар.*

*Зейнеткерлік жастағы адамдардың кәсіби қызметін, еңбек жолын жалғастыруына жағдай жасау.*

Қазақстандық заңнамамен зейнеткерлік жас аралық нақты белгіленген болғанымен, көптеген қарт адамдар жұмыс жасауын тоқтатпай жалғастырады. ҚР зейнеткерлік жас ерлерге арналған жас 63 жастан, әйелдер үшін – 2018 жылға дейін 58 жастан басталады. «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» ҚР Заңының 11-бабына сәйкес 2018 жылдан бастап әйелдердің зейнеткерлік жасы 2027 жылға дейін жарты жыл сайын 63 жасқа жеткенше көтерілетін болады.

ҚР Еңбек кодексінің 240-бабы 1-тармағына сәйкес, қызметкерлермен еңбек шартын тоқтату үшін осы Кодексте белгіленген негіздермен қатар *азаматтық қызметшілердің ҚР заңында белгіленген зейнеткерлік жасқа жетуі* олармен *еңбек шартын тоқтатудың қосымша негізі* болып табылады.

Кодекстің 240-бабының 2-тармағына сәйкес зейнеткерлік жасқа жеткен және азаматтық қызметші ретінде жұмысты жалғастыруды қалайтын қызметшімен жұмыс беруші еңбек шартын бір жылдан аспайтын уақытқа ұзарта алады және бұл шарт кейін жыл сайын ұзартылып отыруы мүмкін. Бұл ретте, зейнеткерлік жасқа жеткен азаматтық қызметшімен еңбек шартын ұзарту үшін қызметшінің *кәсіби және біліктілік деңгейінің жоғары болғаны шарт.*

*Сонымен қатар, ұзартылған еңбек шарты кезінде зейнеткер қызметкердің азаматтық не мемлекеттік қызметші мәртебесі сақталып, еңбек заңнамасы мен басқа да заңдар бойынша көзделген олардың барлық кепілдіктері мен құқықтары сақталады [8]. Сонымен, мемлекет егде адамдардың кәсіби қызметін жалғастыруына бірнеше жағдайлар жасауда.*

*Егде адамдардың материалдық жағдайының жоғары болуы.*

*Зейнетақының жоғары болуы әлеуметтік белсенділіктің жоғары болуына, қарттық шақтың алаңсыз өтуіне мүмкіндік береді.*

Теориялық тұрғыда кедейлікпен күресуде, егде адамдардың қоғамдағы болып жатқан жағдайға қатысу арқылы сипаттайтын «белсенді қартаю» тұжырымдаманы атауға болады. Белсенді қартаю егде адам өмірінің сапасын арттыруға, әлеуметтік қатысуға, қауіпсіздікке бағытталған процесс [9].

Кедейшіліктен арылу бүкіл әлемге тән, Қазақстанға да таныс құбылыс. «Қарттық шаққа жету» белсенділіктің төмендеуі, жұмыссыздық, қарым-қатынас ортасы шектелген болғаннан кейін, бұл жағдайда эксклюзия процесінің орын алуы қалыпты жағдай.

Зейнетке шыққаннан кейінгі әлеуметтік белсенділікті арттырудың тағы бір құралы – қарттық жаста білім алу немесе интеллектуалды қызмет білім алуды жалғастыру әрекеті.

Қарттық жаста білім алу әлеуметтік адаптацияға, қайта әлеуметтенуге бейім болуды сақтап қалудың құралы. Білім алуға деген құқық – тұлғалық дамуға, өзін жетілдіруге, белсенді өмірлік ұстанымды ұстауға деген мүмкіндік. «Үшінші жас кезеңі» университеттері АҚШ-та, батыс елдерінде, Жапонияда, Ресейде және т.б. елдерде бар. Өз кезегінде қарттардың әлеуметтік белсенділігінің артуына мүмкіндік береді.

*Егде адамдардың және мүгедектердің өз бетінше өмір сүруіне жағдай жасау, әлеуметтік қызмет көрсету.*

Қарт адамдарға, мүгедектерге қатысты әлеуметтік қызмет көрсетуде мемлекеттік саясаттың бағыттарынан қарастырсақ. Біріншіден, елімізде жүріп жатқан демографиялық өзгерістерге дайындау, екіншіден, егде үлкен жастағы адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту, үшіншіден, халықтың өсу категориясын анықтайтын қажеттіліктермен сәйкес әлеуметтік қызмет түрлерін дамыту.

ҚР қарт адамдарға әлеуметтік қызмет көрсету жүйесінің инфрақұрылымының түрлері: стационарлық, жартылай стационарлық және стационарлық емес түрлерінен тұрады. 2000 жылдардың ортасынан бастап клиент үйіне барып қызмет көрсету, әлеуметтік тұрмыстық үй, медициналық, құқықтық қызмет көрсетудің орталықтары дамып келеді.

Егде жастағы әлеуметтік қызмет көрсетудің қазіргі технологиясының ішінде «өзіне-өзі көмек көрсету» және «өзара көмек» жүйелерін ажыратуға болады. Практика көрсетіп отырғандай өзіне-өзі көмек және өзара көмек көрсету топтары бұл шағын бес-жеті адамнан құрастырылатын ұжым. Көптеген жағдайда осы топтың белсенді мүшелерінің бірі ұйымдас-

тыруы мүмкін. Олар жақын тұратын, бір-бірімен ұдайы байланыста болатындарды біріктіреді. Топ мүшесінің мәселесін, қажеттілігін олар біріге шешіп, бір-біріне көмектеседі. Өзара көмек көрсету топтары өмір саласындағы әр түрлі мәселені шешуге көңіл аударуы. Қоғам олардың көзқарасын өзгертуге тырысады.

Өзара көмек ұйымдастыруда топтардың әр түрлі міндетті қызметтері жүзеге асады. Олардың мүшелері: туындап отырған қиыншылықтарды шешу жөнінде ұсыныстар алады; керек болған жағдайда материалдық көмек алады; өздеріне деген ықыласты қолдауды сезінеді; қарт адамдарға өзара көмектің қалыптасуына және дамуына тікелей немесе жанама факторлар әсерін тигізе алады; өзара көмектің және мемлекеттік қолдаудың әлеуметтік саясаттың тиімділігіне ықпалы.

Қарт адамдар мен мүгедектердің өмір қызметінің шектелуі мәселесін шешуде бірінші деңгейдегі мағынаға қарттар мен мүгедектерге әлеуметтік көмек пен әлеуметтік реабилитация жүйесі жоғары деңгейге жетіп отыр. Әлеуметтік реабилитация әлеуметтік-экономикалық, медициналық, құқықтық, кәсіби және басқа шараларға алып келеді. Олар қажетті шарттарды қамтамасыз етуге және осы топтардың қоғамда толыққанды өмірге келуіне бағытталады. Жоғарыда көрсетілгендей, елімізде де қарт адам-

дармен әлеуметтік жұмыс жүргізіледі немесе қарт адамдарға әлеуметтік көмек көрсетіледі. Оның басқа мемлекеттермен салыстырғанда өзіндік ерекшеліктері мен кемшіліктері бар.

### Қорытынды

Қазақстанда зейнет жасындағы адамдар халықтың 10%-дан астамын құрап отыр. Яғни, мемлекетіміз қарт адамдары басым елдердің санатына кірудің бастапқы сатысында тұр. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің болжамы бойынша, 2030 жылға қарай егде адамдар 11,1-11,3%, 2050 жылға қарай 14,7-15%-ға дейін өсуі мүмкін [10].

Сонымен, әлеуметтік белсенділік сыртқы және ішкі факторларға тәуелді. Әлеуметтік белсенділікті арттыруда, пассивті әрекеттің алдын алуда егде адамдардың өмірінде көрініс табуы қажет әлеуметтік құзіреттілік басты рөл атқарады. Егде адамдардың белсенділігін жоғарылатуда әлеуметтік мәртебені, өзін-өзі жетілдіруді арттыру маңызды. Қазірде мемлекет және қоғам егде адамдардың әлеуметтік белсенділігін арттыруда кейбір қадамдар жасауда. Дегенмен де, қазіргі кезде қарттардың қоғам өміріне толыққанды қатысуына әлі де дайын емес. Бағдарламаларды толықтырған және дамытқан жөн.

### Әдебиеттер

- 1 Холостова Е.И. Социальная работа с пожилыми людьми / Е.И. Холостова. – 3-е изд. – М.: Издательско-торговая корпорация «Дашков и К», 2004. – 296 с.
- 2 Рогозин Д.М. Либерализация старения, или труд, знания и здоровье в старшем возрасте //Социологический журнал – М., 2012. – №4. – С. 62-90.
- 3 Принципы Организации Объединенных Наций в отношении пожилых людей –<http://www.un.org/russian/topics/socdev/elderly/oldprinc.htm>
- 4 Зейнетақы салымдары мен орташа жалақы деңгейі <http://www.kaz.stat.kz>.
- 5 Long Jonathan. A part to play: men experiencing leisure through retirement // Becoming and being old / ed. by Bytheway Bill – London: SAGE Publications, 2000. – P. 55-73.
- 6 Bames M., Harrison E., Murray L. Ageing activists: who gets involved in older people’s forums // Ageing and Society, Cambridge: Cambridge University Press, 2012. – №32. – P. 261-280.
- 7 Дергаева А.Е. Профилактика социального исключения пожилых людей в современном российском обществе: автореф. на соискание ученой степени кандидата социологических наук. – Санкт-Петербург, 2013. – 25 с.
- 8 Ақпараттық портал – <http://baq.kz> – ЕО көлеміндегі егде адамдардың материалдық жағдайы.
- 9 Measures for social inclusion of the elderly: The case of volunteering. Working paper / Naegel G., Schnabel E., van de Maat J.W., Kubicki P., Chiatti C., Rostgaard T. European Foundation for the Improvement of Living and Working Conditions, 2010. – P. 1.
- 10 ҚР Статистика агенттігі – <http://www.stat.gov.kz> сайты.

### References

- 1 Holostova E.I. Social'naja rabota s pozhilymi ljud'mi / E.I. Holostova. – 3-e izd. – M.: Izdatel'sko-torgovaja korporacija «Dashkov i K», 2004. – 296 s.
- 2 Rogozin D.M. Liberalizacija starenija, ili trud, znaniya i zdorov'e v starshem vozraste //Sociologicheskij zhurnal – M., 2012. – №4. – S. 62-90.

- 3 Principy Organizacii Ob#edinennyh Nacij v otnoshenii pozhiyh ljudej –<http://www.un.org/russian/topics/socdev/eldery/oldprinc.htm>
- 4 Zejnetaky salymdary men ortasha zhalaky deñgeji <http://www.kaz.stat.kz>.
- 5 Long Jonathan. A part to play: men experiencing leisure through retirement // Becoming and being old / ed. by Bytheway Bill – London: SAGE Publications, 2000. – P. 55-73.
- 6 Bames M., Harrison E., Murray L. Ageing activists: who gets involved in older people’s forums // Ageing and Society, Cambridge: Cambridge University Press, 2012. – №32. – P. 261-280.
- 7 Dergaeva A.E. Profilaktika social’nogo isključenja pozhiyh ljudej v sovremennom rossijskom obshhestve: avtořef. na soiskanie uchenoj stepeni kandidata sociologičeskikh nauk. – Sankt-Peterburg, 2013. – 25 s.
- 8 Ақпараттық портал – <http://baq.kz> – ЕО көлеміндегі егде адамдардың материалдық жағдайы.
- 9 Measures for social inclusion of the elderly: The case of volunteering. Working paper / Naegele G., Schnabel E., van de Maat J.W., Kubicki P., Chiatti C., Rostgaard T. European Foundation for the Improvement of Living and Working Conditions, 2010. – R. 1.
- 10 ҚР Статистика агенттігі – <http://www.stat.gov.kz> сайты.

## **ӘЛЕУМЕТТІК ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ИНЖИНИРИНГ ОРТАЛЫҒЫ**

Орталық университеттің Ғылыми Кеңесінің шешімі бойынша құрылып, философия және саясаттану факультетінің әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасында 2010 жылдың 24 желтоқсанынан бастап жұмыс істеп келеді.

*Орталық жетекшісі – әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор Г.С. Абдирайымова.*

Орталықтың басты **мақсаты** өзекті және тәжірибелік мәні бар іргелі және қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу болып табылады.

### **Орталық қызметінің негізгі ғылыми бағыттары:**

✓ Өзекті әлеуметтік процестер мен феномендер бойынша іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу; жас оқытушылар мен зерттеушілердің ғылыми-зерттеу жұмыстары үшін эмпирикалық базаны құру; университет студенттері мен оқытушыларының білім берудегі қызмет көрсету сапасын бағалау мониторингі; білім беру саласында қызмет көрсетудің сапа менеджменті бойынша университетте жүргізілетін іс-әрекеттерге әлеуметтік қолдау көрсету.

✓ Жас зерттеушілерге ғылыми және әдістемелік көмек көрсету (диссертациялық және ғылыми зерттеулер бойынша докторанттарға, магистранттарға, бакалавр және ізденушілерге кеңес беру, арнайы өңдеулер).

✓ Нақты әлеуметтік зерттеулер жүргізу мәселелері бойынша әдістемелік көмек көрсету.

✓ Орталықтың, әлеуметтік және әлеуметтік жұмыс кафедрасының, университет бөлімшелерінің жұмыстары үшін қажетті статистикалық мәліметтер мен құжаттар банкіні қалыптастыру; жоғары оқу орнының оқытушыларының, докторанттары мен магистранттарының іргелі және қолданбалы зерттеулерін жүзеге асырулары үшін әлеуметтік мәліметтерді жинақтау және өңдеу.

✓ Сыртқы тапсырыстарға келісім-шарт негізінде әдістемелік, сараптамалық және консалтингтік қызмет көрсету.

✓ Келісім-шарт бойынша әртүрлі меншіктегі ұйымдармен, мекеме және кәсіпорындармен біріге отырып зерттеу жұмыстарын жүргізу.

✓ Қазақстан және шетелдерінің ғылыми-зерттеу және білім беру құрылымдарымен біріге отырып жобаларды өңдеу және зерттеулер жүргізу.

✓ Қоғамның қазіргі мәселелері бойынша дөңгелек үстелдер, конференциялар мен симпозиумдар, көрмелер мен тақырыптық кездесулер ұйымдастыру және өткізу, зерттеу нәтижелерін жариялау.

### **Байланыс ақпараттары.**

Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы 71, әл-Фараби атындағы философия және саясаттану факультеті, 1 каб., 21 каб.  
Тел. 2925717, ішкі байланыс 2127.

E-mail: [Gulmira.Abdiraiymova@kaznu.kz](mailto:Gulmira.Abdiraiymova@kaznu.kz)